

*А.О. Шәкенов, криминалистика кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## ТЕРГЕУДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДЫҒЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Тергеуді техникалық-криминалистикалық құралдармен ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету құқықтық қамтамасыздықпен тығыз байланысты. Осыған орай, профессор Р. С. Белкиннің ойынша, қылмыстылықпен күрес тәжірибесі үшін криминалистикамен дайындалатын ұсынымдар алдымен заңдылық талаптарына, сот өндірісінің қағидаттарына сай болу керек. Криминалистикамен дайындалатын жаңа техникалық-криминалистикалық құралдар, тактикалық тәсіл, әдістемелік нұсқаулар құқыққа сыйымдылық, қолданудағы ұйғарымдылық критерийлары арқылы бағаланады<sup>1</sup>.

Криминалистика ғылымы тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз етуге байланысты бірқатар сұрақтар шешеді.

1) Тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз етуге қатысты заңнамаларға ғылыми түсініктеме беру және оларды жетілдіруге қатысты ұсынымдар даярлау. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында техникалық-криминалистикалық құралдарды тергеуде қолдануға қатысты бірқатар баптар орын алған. Көбіне, онда тергеуде қолданылуы мүмкін техникалық құралдар туралы қысқаша мағлұмат беріліп немесе олардың көмегімен алынған нәтижелерді процессуалдық тұрғыда ресімдеу тәртібі көрсетіледі. Тәжірибедегі қызметкерлер үшін бұл жеткіліксіз болады және техниканы қолдануға байланысты заңнамадан орын таппаған кейбір сұрақтар туындап жатады.

Тәжірибе қажеттілігін ескере отырып қарастырылып отырған мәселе бойынша заңнаманың ғылыми түсініктемесі келесі бағыттар бойынша мүмкін:

- тергеуде қандай да бір жаңа техникалық құралдарды қолданудағы ұйғарымдылық (сандық камералар, компьютерлер, бағдарламалар және т. б.);
- техниканы қолданатын субъектілер туралы, оның ішінде техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану үшін маманды қатыстыру мүмкіндігі;
- тергеу әрекетін жүргізу кезінде техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану тәртібі туралы;
- техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдануды процессуалдық ресімдеу туралы (фотографиялар, бейне, үн жазбалар және т. б.).

2) Тергеудің техникалық-криминалистикалық қамтамасыздығын реттеуші заңнамалар жобасын ғылыми өңдеу. Тергеудің техникалық-криминалистикалық қамтамасыздығына қатысты көптеген сұрақтар ведомстволық нормативтік актілермен реттеледі. Мұндай құжаттардың жобасы көбіне осы ведомстволардың ғылыми-зерттеулік мекемелеріне тапсырылады. Осы үдеріске ғалымдардың қатысуы осы нормативтік актілердің жоғары сапалылығын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес болуын қамтамасыз етеді, ал ол өз алдына тергеу аппараттарының, анықтама органдарының, жедел-криминалистикалық бөліністердің техникалық қамтамасыздығына дұрыс әсер етеді.

3) Техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану тәжірибесін ғылыми жинақтау және оларды жетілдіруге қатысты ұсынымдарды дайындау. Құқық қорғау органдарының жасағындағы әркілі криминалистикалық техника түрлерін тиімді қолданудың теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Сол себептен көптеген ғалым-криминалистер диссертациялық зерттеу жүргізіп, оқулық, оқу құралдары, ғылыми мақалаларды дайындау барысында техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану тәжірибесін тыңғылықты зерделейді, дұрыс және жағымсыз жақтарын анықтап, оларды жетілдіруге қатысты ұсынымдарды әзірлейді.

Тәжірибені зерделеу нәтижесі бойынша ғалымдар техникалық-криминалистикалық құралдарды қолданудағы кемшіліктерді жою бойынша, сондай-ақ жасаққа жаңа құралдар мен ғылыми әдістемелерді алуға қатысты ұсыныстар береді.

4) Криминалистикалық мақсатта қолдану мүмкіндігін анықтау үшін әртүрлі фирмалар мен мекемелер шығарған аспаптар мен материалдарды ғылыми сынақтан өткізу. Қылмыстарды тергеу кезінде сараптама және тергеу әрекеттерін жүргізу үшін арнайы жасалған, сондай-ақ өнеркәсіпте, ғылыми зерттеулерде, тұрмыста қолданылатын техникалық құралдар кеңінен қолданылады. Бұл сандық камералар, микроскоптар, жарық түсіру аппаратуралары мен тағы басқалар. Қажеттілігі бар аспаптар мен материалдар тыңғылықты түрде зерделеніп, керек болса үлгілері алынады және криминалистикалық зертханаларда сыналады. Дұрыс нәтиже берген кезде ғалымдар тергеу аппараттарын, анықтама органдары мен жедел-криминалистикалық бөліністерді осы аспаптар және материалдармен қамтамасыз ету бойынша ұсыныс жасайды.

Зерттеулік және басқа да мақсаттар үшін өнеркәсіппен шығарылған жаңа техникалық құралдарды сынақтан өткізумен ғалымдармен қатар тәжірибелі маман-криминалистер айналысады.

5) Заттық дәлелдеме табу, бекіту, алу және зерттеу әдіс-тәсілдерді ғылыми тұрғыда әзірлеу. Ғылыми әдіс-тәсілдер тергеу әрекеттері мен сараптамалық зерттеулер жүргізуде техникалық құралдар сияқты елеулі рөл атқарады. Оларсыз техника тиімді қолданыла алмайды. Сондықтан тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету жүйесінде ғылыми әдістемелерді дайындап, енгізу сұрақтарына ерекше көңіл бөлінеді. Оларды дайындауға ғылыми-зерттеулік мекемелер, тәжірибе бөліністеріндегі маман-криминалистер, сондай-ақ жоғары оқу орындарының криминалистика кафедралары және біздің академияның криминалистика кафедрасының авторлық ұжымы да өз елеулі үлесін қосуда.

Барлық криминалистикалық әдістемелерді екі топқа бөлуге болады. Біріне, құзырлы органдардың арнайы рұқсатын талап етпейтін әдістер мен әдістемелерді жатқызуға болады. Олар негізінде тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде техникалық-криминалистикалық құралдарды қолданумен байланысты әдістемелер. Екінші топты жасаққа алмас бұрын құзырлы органмен сынақтан өткізілген әдістемелер құрайды. Бұл жерде сараптамалық әдістемелерді атап өтуге болады.

6) Кадрлардың техникалық-криминалистикалық дайындығында ғалымдардың ат салысуы. Тергеудің техникалық-криминалистикалық қамтамасыздығына жататын міндеттердің біріне тергеушілерді, анықтаушыларды, маман-криминалистерді техникалық тұрғыда дұрыс дайындауды жатқызуға болады. Осы міндетті шешуде маңызды рөл криминалистика ка-

федрасының профессорлік-оқытушылық құрамға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне беріледі. Олар техникалық дайындыққа қатысты көптеген мәселелерді бастан атқарады.

7) Тергеуде техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдануда озық тәжірибені зерделеп, тарату. Шетелде қылмыстылықпен күресте нәтижелі қолданылатын жаратылыстану және техникалық ғылымдардың заманауи жетістіктеріне негізделген криминалистикалық әдістемелер мен техникалық құралдар аз емес. Олардың көбі біздің тәжірибеге қажет екендігі сөзсіз. Сондықтан да ғалымдар шетелде пайда болған криминалистикалық жаңалықтарға зейін қойып қарап, оларды ғылыми зерттеулерде пайдалану және тәжірибе қызметкерлерін таныстыру мақсатында басылымдарда жария етеді.

Осылайша, тергеуді толыққанды техникалық-криминалистикалық тұрғыда қамтамасыз ету үшін оның ғылыми негіздеріне ерекше назар аударған жөн.

1 Белкин Р. С. Курс криминалистики. В 3-т. — М., — 2001. — С. 555.